8	<p>"Менің Отаным - Қазақстан. А, Ә дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".</p>	<p>Балаларды "А-Ә" дыбыстарымен, "А а - Ә ә" әріптерімен таныстыру. "А-Ә" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. "А-Ә" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "А-Ә" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын</p>	<p>Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.</p>	<p>А дыбысы, Ә дыбысы, баспа түрі, жазба түрі. Әтеш, бәйшешек, жаға, ұшақ, әткеншек, әпке, әке, сәбіз, дәрі, ән, әңгіме, айна, аю, ат арба, асхана сөздерін қолдана отырып, балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорларын</p>	<p>Интерактивті тақта, таяқша, А-Ә дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, текшелер, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме материалдар. «Менің Отаным – Қазақстан» кітабы. Елбасы суреті,</p>	<p>Шаттық шеңбер: «Біз көңілді баламыз». Артикуляциялық жаттығулар: "Ән", "Дуал", "Жалпақ тіл", "Сағат", "Жоғары - төмен," «Пя – пя - пя" , "Тісімізді тазалайық". Кіріспе әңгімелесу: "А дыбысы". Сұрақ-жауап: "Біздің Отанымыз".</p>	1	28.09.2022

		толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Ұқыптылыққа, сауаттылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Отаны туралы білімдерін кеңейту.		байыту, жалпы ой-өрісін дамыту.	Қазақстан Республикасының картасы, рәміздері, Бала санына байланысты жазу дәптерлері, қаламсаптар.	Дидактикалық ойын «Буынға буын қос». Тапсырмасы."Орнын тап". «Адасқан сандар» ойыны. Тіл ұстарту жаттығулары (А және Ә). Ойын «Кім шапшаң?» Саусақ жаттығуы. "Кел санайық санамақ". Жазылым жұмыстары. «Әтеш» , «Айна» сөздеріне буындық-дыбыстық талдау. "Кім жылдам?" ойыны. "Кім тапқыр?" дидактикалық ойыны.		
9	"Жыл мезгілдері. Алтын күз".	Балаларда "күз", "жапырақтың түсуі" ұғымдарын; "алтын күз" туралы түсініктерін одан әрі дамыту; "ғ" әрпімен және етістіктермен таныстыру; барлық жыл мезгілдерінде, күзде адам өмірінде болатын	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің	Сөздікке "алтын күз", "жапырақтың түсуі" сөз тіркестерін енгізу; күз туралы	Тыныш әуеннің аудио жазбалары. Интерактивті тақталар, нұсқау таяғы. "Күз" зияткерлік картасының	Амандасу жаттығуы. Көркем сөз. Жұмбақ. "Күз". Кіріспе әңгімелесу. "Күз" зияткерлік картасын модельдеу	1	03.10.2022

	<p>табиғатқұбылыстары туралы білімдерін кеңейту; мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік қалыптастыру; суреттерге сүйене отырып, балалардың "күз" тақырыбында интеллектуалды карта құра білуін дамыту, "күз" ұғымын анықтайтын негізгі сөз тіркестерін нақты айтуға дағдыландыру; қарама-қайшылықтарды салыстыру негізінде сөз тіркестерін дұрыс таңдауға жаттықтыру; қазақ тілін түсіну және сөйлеуде көркем сөзді қолдануға бейімдеу.</p>	<p>грамматикалық құрылымын дамыту.</p>	<p>өлеңдердегі сөздер мен сөйлемдерді қолданысқа енгізу, "жылтырағанның бәрі алтын емес" мақалымен жұмыс жасау.</p>	<p>сызбасы. Қарама-қарсы мағынамен жұпталған суреттер. Күз туралы өлеңнің мнемикалық сызбасы. Күзгі бұлтты ауа-райындағы балалардың демонстрациялық суреті. "Жылтырағанның бәрі алтын емес" мақалының мазмұнына келетін сурет. Үлестірмелі суреттер: жаңбыр, сұр бұлт, күн, көбелектер, аралар, қар, себеттегі жемістер, себеттегі көкөністер, себеттегі саңырауқұлақтар, шөптегі жалаң аяқ бала, етік пен жадағай киген бала, жасыл жапырақтар,</p>	<p>негізіндегі сөздік жұмыс. "Күз" зияткерлік картасының сызбасы. "Алтын жапырақтар", "алтын күз" ұғымдарын түсіндіру. "Ғ" әрпі мен дыбысы. Ғ дыбысының дұрыс дыбысталуын жасау жаттығуы. Қарама-қарсы ұғымдарды салыстыру арқылы сөйлем құрастыруға арналған жаттығу. "Егер олай болмаса, қалай?". Таңдалған суреттер мен балалар жазған сөйлемдер негізінде өлеңді мәнерлеп оқу. "Күз". Музыка негізінде өлең жаттауға арналған ырғақты жаттығу. "Күз". Есте сақтауға</p>		
--	---	--	---	--	---	--	--

					сары жапырақтар, бұтақтардағы гүлдер, жапырақтар жерге түсіп жатыр, қардың астындағы бәйшешек, панама киген бас, жаңбыр астында қолшатыр астында, көлшіктерге тамшылар тамады, құстар отары ұшып кетеді, құс ұя салады.	арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Жылтырағанның бәрі алтын емес".		
10	"Жыл мезгілдері. Алтын күз. О, Ө дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).	Мақсаты: балаларды "О-Ө" дыбыстарымен, "О о - Ө ө" әріптерімен таныстыру. "О-Ө" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "О-Ө" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "О-Ө" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "О-Ө" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Жыл мезгілдері", "алтын күз", "О", "Ө", "дыбыстар" сөздерін пайдалану.	Автобус дыбысының әуенжазбасы, автобус суреті, интерактивті тақта, таяқша, О-Ө дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер: Өзен, өрік суреттері, тоқылдақ, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме	Шаттық шеңбері "Кел балалар ортаға!" Артикуляциялық жаттығулар: "Қатты жел", "Шар", "Піл", "Алтыбақан", "Тәтті тосап", "Тоқылдақ". [о] -[ө] дыбыстарына кинезиологиялық ойындар: 1) «лезгинка» билету; 2) екі қолмен түрлі нүктеден бастап дөңгелек сызу.	1	05.10.2022

	<p>келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.</p> <p>Мейірімділікке, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Күз қабілетін сипаттап, күз айларын атай білуге үйрету. Табиғатты аялауға, сүйеге, қорғауға тәрбиелеу.</p>			<p>материалдар.</p> <p>Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.</p>	<p>"Кел, жұмбақ шешейік!" жаттығуы.</p> <p>О мен Ө дыбыстарын ажыратуға арналған жаттығулар: буындарда ажырату; сөздерде ажырату; сөйлемде ажырату.</p> <p>О мен ө дыбыстарына тіл ұстарту жаттығулары.</p> <p>Дыбыстық талдау жасау: "орақ", "өрік".</p> <p>Есте сақтау жаттығуы: "Өнер білім бұлағы, білім - өмір шырағы".</p> <p>Дидактикалық ойын "Кім жылдам?" (О - Ө дыбысының орнын ауыстырып оқу).</p> <p>Тіл ұстарту жаттығулары: "О мен Ө дыбыстары. "Саусақ жаттығуы. "Қолдар үстелде жатты".</p>		
--	--	--	--	---	--	--	--

						Жазылым жұмыстары. «Кім жылдам?» жаттығуы.		
11	"Күз сыйлары".	Балаларды көкөністер туралы өлеңмен таныстыру; "күзгі егін" ұғымын дамытуды жалғастыру; көкөністер мен жемістер және геометриялық фигуралар туралы білімдерін нақтылау; мәтінге сәйкес көкөністердің атауларын нақты дәйектілікпен айта отырып, көкөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету; зияткерлік картамен жұмыс жасау кезінде қазақ тілінде көкөністер мен жемістер туралы қарапайым сөйлемдер құра білу, назар салу, ойлау дағдыларын дамыту; ересектердің еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "сорпа", "көкөніс сорпасы" сияқты сөздерді енгізу, көкөністер мен жемістердің аттарын, сондай - ақ көкөністер туралы өлең жолдардын айту арқылы сөздікті жандандыру; "ексең егін, ішерсің тегін", "еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" мақал-мәтелдері арқылы тіл байлықтарын дамыту.	Бірғақты әуендердің аудиожазбалары Базардағы сөресінде көкөністері мен жемістері пашылған Еркежанның әжесінің суреті. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, көрсеткіш, интерактивті тақта. Көкөністер мен жемістердің муляждары бар бір үлкен тостаған немесе қорап. Демонстрациялық суреттер: себеттегі көкөністер; себеттегі жемістер. Геометриялық фигуралардың	"Амандасайық" жаттығуы. Суретбойынша жемістер мен көкөністер жайында әңгімелесу. Ойын-эстафетаға негізделген сөздік жұмыс. "Көкөністер-жемістер". Сюжеттік суреттер негізінде өлеңді мәнерлеп оқу. "Көкөністер". Жиі қайталанатын сөздерді елестету негізінде өлеңді жаттауға арналған ауызша жаттығу. Таратпа сурет карточкаларына негізделген ауызша-ырғақты жаттығу. Интеллектуалды карта негізінде "геометриялық	1	10.10.2022

				<p>демонстрациялық модельдері.  Көкөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға арналған суреттер.  Заттардың геометриялық фигуралармен байланысы бойынша интеллектуалды карталардың бастапқы схемалары: шеңбер, үшбұрыш, сопақ.  Көкөністер мен жемістердің геометриялық фигуралармен арақатынасы бойынша толтырылған зияткерлік карталардың схемалары: шеңбер, үшбұрыш, сопақ.  Көкөністер мен жемістер туралы мақал-мәтелдердің мазмұны бойынша суреттер.</p>	<p>фигуралар" ұғымын қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу.  "Көкөністер мен жемістер қандай геометриялық фигураларға ұқсайды?".  "Есте сақтайық" жаттығуы: "Ексең егін, ішерсің тегін", "Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей".</p>		
--	--	--	--	--	---	--	--

					Геометриялық фигураларға ұқсайтын көкөністер мен жемістердің таратпа суреттері. Өлеңді сүйемелдеуге арналған бірнеше суреттер тобы: картоп, қырыққабат, сәбіз, қала, ақжелкен, қызылша.			
12	"Ұ, Ү дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".	Балаларды "Ұ-Ү" дыбыстарымен, "Ұ ұ-Ү ү" әріптерімен таныстыру. "Ұ-Ү" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Ұ-Ү" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "Ұ-Ү" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Ұ-Ү" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Ұ", "Ү", "күз сыйлары", "үкі, "үзенгі", "ұлу", "ұршық" сөздерін пайдалану.	Интерактивті тақта, таяқша, Ұ-Ү дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	Шаттық шеңбері. Армысың, шұғылалы нұрлы күн!" Артикуляциялық жаттығулар: "Күлу", "Ине", "Өткеншек", "Кесе", "Тәтті тосап", "Тістерді тазалаймыз", "Аттар", "Сылақшы". Ұ жән Ү дыбысының артикуляциялық қалпын игеру жаттығулары.	1	12.10.2022

		<p>келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.</p>				<p>«Сикырлы сандықша» ойыны. Ұ және Ү дыбысынан келетін сөздерді ойлап табайық: Ұя, ұн, ұшак, бұғы, жұмыртқа Жаңылтпашты жаңылмай айтқызу. "Өз орныңды тап" ойыны. Дыбыстарға мінездеме Ұ-Ү. Ұ-Ү дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығын табу жаттығулары. Сергіту сәті. "Қақпаға туралап". "Кім зейінді?" ойыны ("Ү" мен "Ұ" дыбыстарын естігенде сигналдық белгіні көтеріп, буынды қайталау); буындар: үш, үш, үз, үз. «Кім тез?» ойыны. Дыбысының сигналдық белгісін, ал "Ү" дыбысынан</p>		
--	--	---	--	--	--	--	--	--

						<p>келетін сөздерді естісендер «Ү» дыбысының сигналдық белгісін көтересіндер.</p> <p>Сөздер: үкі, ұя, ұстаз, «Кім тапқыр?» ойыны.</p> <p>Саусақ жатығуы. "Он саусақ".</p> <p>Жазылым жаттығулары.</p> <p>Тапсырма. Адасқан әріптерден сөз құрап, сол құралған сөзге дыбыстық талдау.</p> <p>"Оқы, таны, жаз" жаттығуы.</p> <p>Ұ және Ү дыбыстарының сөздер құрамында табуға арналған жаттығулар.</p>		
13	"Біз дән егеміз". Үн өнімдері. Ыдыс".	Нан, үн өнімдері туралы тұтас түсінік беру; нан туралы өлеңмен таныстыру; нанға құрметпен қарау мысалдарымен таныстыру; нан туралы идеялар мен	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын	Сөздікке "шай ыдысы", "тамақ", "үн өнімдері", "сыйлау", "зімбір нан"	Тыныш әуеннің аудио жазбасы. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау	"Амандасайық" жаттығуы. Көркем сөз. Өтебай Тұрманжанов "Нан – ардақты адал ас". Суреттерге	1	17.10.2022

	<p>мақал-мәтелдерді нақтылау; балаларға суреттер бойынша сөз тіркестерін құрастыру негізінде өлеңнің мазмұнын қазақ тілінде есте сақтауды үйрету; қонақтарға сыпайы түрде қоңырау шалу үлгілерін айту, нанға құрмет тақырыбы бойынша үйлесімді сөйлеу; бір түбірлі сөздердің байланысын түсіну, жаңа мағыналарды есту арқылы ажырату, оларды түсіну қабілеттерін дамыту; сыпайылыққа, нанды құрметтеуге, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу."</p>	<p>дамыту.</p>	<p>деген сөздерді енгізу; "қант ыдысы", "нан себеті", "сүт құятын ыдыс (топатай)", "май салатын ыдыс" сияқты ыдыс атауларымен сөздік қорларын байыту.</p>	<p>таяғы, интерактивті тақта. Тақырыптық суреттер: қант ыдысы; нан себеті; сүт құятын ыдыс; май салатын ыдыс; кәмпитке арналған ыдыс; шайнек. "Шай ыдысының" демонстрациялық суреті. Нан өлеңіндегі зат есімдерді көрсететін суреттер. Суреттердегі нан туралы өлеңнің схемасы. Луллий шеңберіне арналған ұн өнімдерінің тақырыптық бейнелері: тоқаштар, батон, құймақ, жаңғақтар, жүзім, пияз, бауырсақтар, балмұздақ, торттар, тандыр, торт, бәліштер, алма, макарон,</p>	<p>негізделген сөздік жұмыс. "Ыдыс". Сөздер мен суреттер арқылы есту және визуалды қабылдау дағдыларын дамытатын жаттығу. Көркем сөз. "Біз дән егеміз". "Кім? Не?" сұрағына жауап беретін сөздерді табу жаттығуы. "Не істеп жатыр?" сұрағына жауап беретін сөздерді табу жаттығуы. Суреттерге негізделген өлеңді оқуға арналған ауызша жаттығу. "Луллий шеңберін" толтыру негізінде заттарды жіктеу бойынша ауызша жаттығу. "Ұн өнімдері". Диалогке негізделген ауызша ойын жаттығуы. "Шай арналған</p>		
--	---	----------------	---	---	---	--	--

					шұжықтар, печенье, зімбір, хворост. "Ұн өнімдері" тақырыбындағы Луллий шеңберінің сызбасы. Нанды құрметтеуге арналған ережелер: бала үстелдің астынан нан алады; бала торт салынған бос табақты көрсетеді; бала жолдан нанды алады; бала көгершіндерге үгінділер таратады."	тағамдар". Есте сақтауға арналған жаттығу. "Есте сақтайық": "Нан - ас атасы".		
14	"Ы, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".	Балаларды "Ы-І" дыбыстарымен, "Ы ы-І і" әріптерімен таныстыру. "Ы-І" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Ы-І" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "Ы-І" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында,	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Ы", "І", "Ас атасы-нан", "Із", "Ін", "Іш", "Іс", "тіс", "іні", "ін", "тіл" сөздерін пайдалану.	Ы және І дыбыстарына қатысты суреттер, дыбыстық талдауға арналған түсті текшелер. Интерактивті тақта, таяқша, Ы-І дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа	Шаттық шеңбері: "Армысың күн анамыз". Артикуляциялық жаттығулар: «Күрекше», »Кесе», «Төбешік», «Сағат», «Алтыбақан», «Ат шауып келеді». Ы және дыбысының артикуляциялық қалпын игерту	1	19.10.2022

		<p>ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Ы-І" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.</p>			<p>байланысты суреттер, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.</p>	<p>жаттығулары."Дән" өлеңін мәнерлеп оқу. Нанның дастарқанға келу жолын ретімен әңгімелеу. Суретпен жұмыс: «Ы-І» дыбыстары.«Кім жылдам?» ойыны («Ы-І» дыбыстарын ажырату). «Кім білгіш?» ойыны. Дыбыстарға мінездеме: Ы-І «Кім зейінді?» ойыны (есту бойынша сигналдық белгімен жұмыс).«Кім тапқыр?» ойыны Сергіту сәті. "Көлбең, көлбең, көлеңкем". Тіл ұстарту жаттығулары. Жаңылтпаштар. Саусақ жатығуы. "Қуыр, қуыр, қуырмаш". Жазылым</p>		
--	--	---	--	--	---	--	--	--

						жаттығулары.[Б] мен [І] дыбыстары бар сөздерді талдау жұмысы.		
15	"Жыл құстары. Ханс Кристиан Андерсеннің "Ұсқынсыз үйрек" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Үй құстары".	Балалардың қоныс аударатын және үй құсы туралы білімдерін кеңейту; "жабайы" және "үй құстары" жайлы түсініктерін дамыту; Г. Х. Андерсен ертегісінің желісі бойынша ұсқынсыз үйрек туралы ертегінің мазмұнымен таныстыру; құстардың жылы жерлерге кету ерекшеліктері туралы, құстардың дыбыс шығару ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; құстардың дыбыстардың ерекшеліктерін көрсететін сөздерді айту етістіктерді алмастыру дағдыларын және сөйлеу, ойлау дамыту; мұқият болуға, мейірімділік пен жанашырлыққа, батылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "жылы жақ", "оңтүстік", "қоңыр", "ұсқынсыз", "қуып жіберу" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін енгізу; сөздікті ұсқынсыз үйрек ертегісінің мазмұны туралы диалог сұрақтарына: "бірінші қаз, түсі ақ, екінші қаз, түсі сұр, үшінші қаз, түсі қара және қоңыр, төртінші, бесінші қаздар түстері қоңыр"; "әр құс өз ұясын жақсы көреді" деп жауап беру арқылы жандандырыңыз	Вальс және релаксациялық әуендердің аудиожазбалары. Аудио құстардың дауысы: тырнаның. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Көрнекі тақырыптық суреттер: қарлығаш, көкек, қарға, ләйлек, тырна, жабайы қаз, аққу. Демонстрациялық сурет: "Жыл құстары". Демонстрациялық сурет: "Құс ауласы". Г. Х. Андерсеннің ертегісіне	Әдемі вальс әуені естіледі. Көркем сөз "Жыл құстары, тырналар". Абдрахман А. Кіріспе әңгіме. "Жыл құстары". Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. "Жыл құстары". Суреттер негізінде Г.Х. Андерсеннің "Ұсқынсыз үйрек" ертегісін әңгімелеу. Сергіту сәті. "Жыл құстары, тырналар". Диалог негізінде ұсқынсыз үйрек туралы ертегінің мазмұнын әңгімелеуге арналған ауызша жаттығу. Санамақ негізінде есте сақтау және логика бойынша	1	24.10.2022

					негізделген ұсқынсыз үйрек туралы ертегінің мазмұны бойынша демонстрациялық сюжеттік суреттер. Есептегішке арналған қаздардың тақырыптық суреттері: кара, қоңыр, ақ, қоңырқай (сарғыш), қызғылт, сұр. Санауыштағы қаздардың дұрыс тізімі бейнеленген сурет: ақ, сұр, кара, қоңыр, қоңырқай (сарғыш). Қарлығаштың, жабайы қаздың, көкектің, жабайы үйректің, тырнаның маскалары.	ауызша жаттығу. "Әженің неше қазы бар?". Есте сақтауға арналған жаттығу. "Есте сақтайық": "Әр құс өз ұясын жақсы көреді".		
16	"Дауыссыз дыбыстар. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Жұп құрауға қабілетті	Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету, дауыссыз дыбыстардың түрлерімен танысу, сөзге	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің	"Дауыссыз дыбыстар", "қатаң", "ұяң", "жыл құстары" сөздерін пайдалану.	Интерактивті тақта, таяқша, оқу қызметінің тақырыбына байланысты суреттер. Бала санына	Шаттық шеңбері. "Қол алысып, қәне, біз". Кіріспе әңгімелеу, сипаттама. "Дауыссыз дыбыстар".	1	26.10.2022

	<p>дауыссыз дыбыстар".</p>	<p>дыбыстық талдау жасауды үйрету. Жұп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Фонематикалық естуді дамыту, парақша мен дәптерде жұмыс істеу барысында ұқыптылықты тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, тәрбиелеу.</p>	<p>грамматикалық құрылымын дамыту.</p>		<p>байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.</p>	<p>Бой сергіту жаттығуы: "Би билейміз". Тіл ұстарту жаттығулары."Аққулар". Сөздерге дібістық талдау жаттығулары. Ребус шешу. Сандарды өсу ретімен қойып, жасырынған сөйлемді оқу. Фонетикалық жаттығулар. «Білімді тексер» викторинасы. «Кітап» сөзінен дауыссыз дыбыстарды тап жаттығуы. Сергіту сәті. "Қарға біздің қар, қар". Тіл ұстарту жаттығулары (Ғ және Г дыбыстары) Саусақ жатығуы. "Құстар қанат қағады". Дидактикалық ойын: «Сөйлемді</p>		
--	----------------------------	--	--	--	---	---	--	--

						аяқта» ойыны. Жазылым жұмыстары. Жұптық жұмыс. (Берілген дыбыстарға сәйкес екі буынды сөздерді жазу).		
17	"Үй жануарлары және төлдері. "Жеті лақ" ертегісін әңгімелеу".	Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, "Қасқыр мен жеті лақ" ертегісінің мазмұнымен таныстыру; үй жануарларының балаларының атауларын бекіту; үй жануарларының дыбыс шығару және қозғалу ерекшеліктерін еске түсіру; үй жануарларының пайдасы туралы түсініктерін дамыту; көрнекі сызбаларға сүйенбестен ертегінің мазмұны бойынша диалогке қатысуды, мұқият болуды, қарапайым түсіндірме сөйлемдер құруды үйрету; ертегілердегі жануарлардың мінез-құлқын адамдардың мінез-құлқымен салыстыруға, қарапайым қорытынды жасауға дағдыландыру;	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "тұяқ", "темір ұстасы", "үй жануарлары пайдалы", "қамқорлық қажет" сияқты сөз тіркестерін енгізу; үй жануарларының дыбыстарын бейнелейтін сөздермен сөздік қорларын байыту.	Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Үй жануарларының көрнекі суреттері: сиыр, жылқы, қой, ешкі, түйе. Демонстрациялық суреттер: үй жануарларының төлдері: бұзау, құлын, қозы, бота, лақ. Демонстрациялық суреттер: "Жеті лақ". Үй жануарларының дауыстары бар аудио жазбалар. Көңілді ырғақты	"Амандасайық" жаттығуы "Көркем сөз. Үй жануарлары туралы жұмбақтар. "Жануардың дыбысын тап" ойыны. Сәйкестендіру және жіктеу бойынша ауызша-логикалық жаттығу. "Кімде не бар?" Суреттер негізінде ертегіні баяндалуы."Қасқыр мен жеті лақ". Диалог негізінде ертегінің мазмұнын әңгімелеуге арналған ауызша жаттығу. "Мұқият болу маңызды".	1	31.10.2022

		балаларды үй жануарларына қамқор болуға, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.			<p>әуеннің аудио жазбалары. Сөйлем құрастыруға арналған суреттер-схемалар: "Сиыр сүт береді"; "Ешкі жүн, сүт береді"; "Қой жүн, ет береді"; "Жылқы қымыз, ет береді"; "Түйе жүк тасиды"; "Жылқы адамдарды алып жүреді".</p> <p>Балалар саны бойынша төлдердің маскаларының үлестірмелі жиынтықтары, сондай-ақ үй жануарларының төрт маскасы.</p>	Мәтіннен сөздердің артикуляциясы мен айтылуына негізделген ауызша-ырғақты жаттығу. "Ешкінің әні". Суреттердің тірек тізбектері негізінде сөйлем құрастыруға арналған ауызша жаттығу. "Кім не береді?".		
18	"К-Г" дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері	Балаларды "К-Г" дыбыстарымен, "К к-Г г" әріптерімен таныстыру. "К-Г" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "К-Г" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету,	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық	"К", "Г", "жомарт күз", "карта", "кілт", "көбелек", "гүл", "глобус", "гитара", "кесе", "кәмпит", "кебеже",	Интерактивті тақта, таяқша, К-Г дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті	Кіріспе сөздің жаттығуы: "Мынау не?" Жаңылтпаш айту: "Кербез керік кері кетті". К және Г дыбыстарының	1	02.11.2022

	(атау, жазу негіздері)".	буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "К-Г" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "К-Г" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.	құрылымын дамыту.	"күріш" сөздерін пайдалану.	тақта, үлестірме материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	артикуляциясы. "К, Г дыбыстарының сөздегі орны" жаттығуы (басында, ортасында). Сергіту сәті: "Ақ көгершін, көгершін..." Тіл ұстарту жаттығулары: К және Г дыбыстары. Саусақ жаттығуы "Жасыру". "Моншақтармен ойын". Сөздерді буындаға бөлу жаттығуы. Есте сақтау жаттығуы: Г дыбысы сөздердің соңында кездеспейді.		
19	"Көлік түрлері. Қоғамдық көлікте тәртіп ережесі".	Балалардың көлік түрлері және олардың қозғалу тәсілдері мен орталары туралы білімдерін кеңейту; қоғамдық көліктегі ережелермен балаларды таныстыру; қала мен ауылдың көріністері мен олардың	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "жолаушы", "жақсы іс", "тұтқалар", "отыру" сияқты сөздерді енгізу; "жер үсті көлігі жерде жүреді",	Интерактивті тақта, көрнекіліктерді көрсетуге арналған тақталар, нұсқау таяғы. Ортаның демонстрациялық суреттері: жер, ауа,	"Амандасайық" жаттығуы "Интеллектуалды карта негізінде көлік түрлерін жіктеу бойынша ауызша жаттығу. "Жер, су, әуе	1	07.11.2022

	<p>айырмашылығын ажыратуды үйрету; "аз" және "көп" ұғымдары туралы түсініктерін дамыту; сыпайы мінез-құлық мысалдарымен, ар-намыс туралы мақалдармен таныстыру, "құрмет" сөзінің мағынасын түсіндіру; балаларды үш ортада (жер, ауа, су) қозғалу тәсілдеріне сүйене отырып, үш түрге жіктеуге үйрету; ұқыптылыққа, сыпайылыққа, қарттарға қамқор болуға, қоғамдық көлікте орын беруге тәрбиелеу.</p>		<p>"су көлігі суда жүреді", "әуе көлігі ауада ұшады" деген тіркестер мен сөйлемдердің және "арыңды жасыңнан сақта" мақалының көмегімен белсендіру.</p>	<p>су. "Жер үсті көлігі" схемасы: жеңіл автомобиль, велосипед, мотоцикл, жүк көлігі, трактор, автобус, пойыз. "Су көлігі" схемасы: пароход, кеме, желкенді қайық, қайық, сүңгуір қайық. "Ауа" схемасы: ұшак, реактивті ұшак, ауа шары, тікұшак. Орташа және жылдам ырғақтағы әуендерінің аудио жазбалары. Демонстрациялық сурет: автобус ішіндегі салоны. Дос балалардың стадионға қалай бет алды" әңгімесі бойынша сюжеттік суреттер сериясы. Әуеннің ырғақты, орташа қарқынды аудиожазбасы.</p>	<p>көлігі". Суретке негізделген әңгіме мазмұны бойынша сөздік жұмыс. Суреттерге негізделген оқиғаны мәнерлеп оқу. "Батырбек пен Жалғастың стадионға баруы". Сергіту сәті. "Жүргізуші". Салыстырмалы диалог негізінде сөйлем құрау жаттығуы. "Қалада және ауылда не көп, не аз?". Ойын жағдайына негізделген сөйлемдерді құрастыру жаттығуы. "Автобуста қалай жол береміз". Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Арыңды жасыңнан сақта".</p>	
--	--	--	--	---	---	--

					Жүргізушінің қалпақшасы, рульдің макеті, кондуктордың сөмке-қалтасы. Көлік түрлері бейнеленген үлестірмелі тақырыптық суреттер Балалар саны бойынша автобус билеттері (карточкалар).			
20	"Қ-Ғ дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".	Балаларды "Қ-Ғ" дыбыстарымен, "Қ қ-Ғ ғ" әріптерімен таныстыру. "Қ-Ғ" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Қ-Ғ" дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуға, ажыратуға үйрету. "Қ-Ғ" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Қ-Ғ" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Қ", "Ғ", "көлік түрлері", "әуе көліктері", "су көліктері", "темір жол көліктері", "көліктер" сөздерін пайдалану.	Интерактивті тақта, таяқша, Қ-Ғ дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта, үлестірме материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	Шаттық шеңбері: "Қуан" шаттан!" Артикуляциялық жаттығулар: Қ және Ғ дыбыстары. Қ дыбысына басталатын сөздерді табу жаттығуы. Ғ дыбысына басталатын сөздерді табу жаттығуы. Сөздерді буындарға бөлу жаттығуы. Жаңылтпаш айту: Қыс қатты – ақ, Қоғабай қомағай ма?"	1	09.11.2022

		<p>келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздердегі дыбыстарды анық айтуға үйретіп, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.</p>				<p>Дыбыстарды сөздерде ажырату жаттығулары. Дыбыстар жайында "ертегілер". "Қ - Ғ" дыбыстарын буындарда ажырату. «Керісінше айт» ойыны. "Мен айтамын – қа, сен айтасың – ға...". Фонематикалық қабылдауын дамыту: "Кім зейінді?" ойыны. Допты қағып ал ойыны. (Сөздерді үлгі бойынша өзгертіп айту.) Дидактикалық ойын: "Білімінді шында". Дыбыстық талдау: "үкі", "аға" ("Кеме", "Қала", "Ғарыш", "Гараж") Ойын: "Кім тез ойлайды?". Сергіту сәті. Ойын: "Дыбысты анықта". Тіл ұстарту жаттығулары</p>		
--	--	---	--	--	--	--	--	--

						"Көңілді көліктер" ойыны. Жазылым жаттығуы. Дидактикалық ойын: "Көліктердің дыбысын ажырат".		
21	"Орман жануарлары".	Балалардың жабайы жануарлар, олардың тіршілік ету ортасы және тамақтану туралы білімдерін кеңейту; аналық жануарлардың аттарымен таныстыру; төлдерінің аттарын бекіту; "қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап улиды" мақалының негізінде "жабайы табиғат" туралы түсінігін дамыту; интеллектуалды карталарды модельдеу және қарапайым сөйлемдерді құру негізінде жабайы жануарлардың өмірі туралы қазақ тілінде әңгімелеуге үйрету; есту қабілеті мен зейінін, жадысын, эмоцияларын дамыту; достыққа, жануарлар әлеміне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "түлкі", "қасқыр", "қоян", "аю", "кірпі" сияқты сөздерді енгізу; "қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды" мақалы арқылы сөздік қорларын байыту.	Орман атмосферасын көрсететін аудио жазба. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Тақырыптық суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін. "Жабайы аңдар" демонстрациялық суреті (қасқыр, түлкі, аю, кірпі, тиін, қоян). Жабайы жануарлардың "үңгірлерін" бейнелейтін суреттер.	Амандасайық" жаттығуы Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. "Жабайы жануарлар". Интеллектуалды карталарды құру негізінде жабайы жануарлардың өмірі туралы ұғымды қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу. "Жабайы жануарлар". Болжамды түсіну негізінде суреттегі ұғымды қимылмен көрсетуге арналған жаттығу. "Жануарды тап және көрсет". Жануарлар туралы жұмбақтар жасыру.	1	14.11.2022

					<p>Жабайы жануарлардың "тұрғын үйлерін" бейнелейтін суреттер. Жануарлардың әрқайсысына арналған интеллектуалды картаның схемасы. Жануарлардың әрқайсысына арналған интеллектуалды картаның схемасының толтырылуы. Жануарлар мен төлдерінің жұптары бар суреттер. Ырғақты әуеннің аудио жазбасы.</p> <p>Жануарлар мен олардың төлдерінің жиынтығы.</p>	<p>Суреттерге негізделген логикалық жұптарды таңдау бойынша ауызша жаттығу. "Кімде не бар?". "Үйшік" ертегісін мәнерлеп мазмұндау. Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды".</p>		
22	"Т-Д дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың	Балаларды "Т-Д" дыбыстарымен, "Т т-Д д" әріптерімен таныстыру. "Т-Д" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Т-Д" дыбыстарының	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып	"Т", "Д", "жабайы табиғат әлемі", "сандық", "тасбақа",	Интерактивті тақта, таяқша, Т-Д дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері,	Шаттық шеңбері: "Өсеміз біз күліп-ойнап". Т-Д дыбыстарының сипаттамасы,	1	16.11.2022

	<p>орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".</p>	<p>нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "Т-Д" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Т-Д" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады. Жабайы жануарлардың мекені, қоректенуі туралы түсініктерін меңгерту.</p>	<p>сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.</p>	<p>"түйе", "кітап" сөздерін пайдалану.</p>	<p>өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта, үлестірме материалдар.</p>	<p>артикуляциясы. Жұмбақтар. Жауап сөзінің құрылымында дыбыстарды табу. Т, Д дыбыстары бар сөздерді табу жаттығуы. Қандай жануардың шығаратын үніне ұқсайтынын тауып айт) ойыны (фонеманы есту қабілеті). Т, Д дыбысынан басталатын сөздерді табу жаттығуы. Т – Д дыбыстарына байланысты өлең шумақтарын айтқызу. "Дыбысты естісең - жалауды көтер". Дыбыстық талдау: "Тас", "Дос". "Сөзді өзгерт" дидактикалық ойыны. Сөйлем құрау жаттығуы. "Тыңда, қайтала..." тіл ұстарту</p>		
--	--	---	---	--	---	---	--	--

						жаттығулары Жазылым жаттығуы. Рефлексия: "Шегіртке мен жабайы аңдар" ертегісі.		
23	""Оқтауы бар түлкі" ертегісін әңгімелеу".	Әйгілі "Оқтауы бар түлкі" ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш өлшемнің: "үлкен", "орта", "кішкентай" ұғымдарын бекіту; эмоциялар туралы түсініктерді дамыту; қонақта адамның сыпайы мінез-құлық көрсетуі туралы, жануарлар туралы ертегілердің жанры туралы білімдерін кеңейту; қазақ тіліндегі ертегінің мазмұнын түсінуге, ертегі кейіпкерлерінің жиі қайталайтын сөз тіркестерін және сөздерін есте сақтауға үйрету; сөйлеудің эмоционалдылығы мен экспрессивтілігін дамыту; ертегілердегі жануарлардың кейіпкерлерінің мінезі адам мінезіне тән екенін түсінуге жағдай жасау; есту және визуалды есте сақтау, ойлау,	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "оқтау", "орындық", "сенгіш", "қу", "бастапқыда", "соңында" сияқты сөздерді енгізу; "өтіріктің аяғы бір-ақ тұтам" мақалымен сөздік қорларын молайту.	Ертегінің тақырыбы негізіндегі "сиқырлы" әуеннің аудио жазбасы. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. "Оқтауы бар түлкі" еретгісі мазмұнына байлынасты сөздік жұмысына арналған суреттер. Ертегінің сюжетті суреттері: "Оқтауы бар түлкі". Ырғақты әуен аудиожазбасы.	"Амандасайық" жаттығуы Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. Ертегіні мәнерлеп айту. "Оқтауы бар түлкі". Мәтінді толтыру негізінде ертегінің мазмұнын модельдеу жаттығуы. Музыкалық драматизация негізінде негізгі диалогты айту логоритмикасы. Көркем сөз. А. Құнанбаев "Қарға мен түлкі". Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте	1	21.11.2022

		үйлесімді сөйлеу негізін, коммуникативті және әлеуметтік дағдыларын дамыту; ертегілерге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.				сақтайық": "Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам".		
24	"Ш-Ж дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".	Балаларды "Ш-Ж" дыбыстарымен, "Ш ш-Ж ж" әріптерімен таныстыру. "Ш-Ж" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Ш-Ж" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "Ш-Ж" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Ш-Ж" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Ш", "Ж", "жаз", "жылқы", "жапырақ" сөздерін пайдалану.	Интерактивті тақта, таяқша, Ш-Ж дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта, үлестірме материалдар.	Артикуляциялық гимнастика «Ж» және «Ш» дыбыстарының артикуляциясын салыстыру. Буындарда есту, табу жаттығуы: "Қайтала" жаттығуы. Жаңылтпаш. "Бұрқырайды ақ шаң". Ойын: «Сөз ойла, тез ойла» . Ж, Ш дыбыстарынан басталатын сөздер айту. Сөздердің мағынасын түсіндіру Дидактикалық ойын: "Буынға буын қос". Ойын: ойлан тап! Ж	1	23.11.2022

		дағдыланады.				<p>дыбысынан басталатын санды тап. Фонеманы есту қабілетін жетілдіру: «Алаша». "Бағдаршам" ойыны (дыбыстардың сөздердегі орны). Дыбыстық талдау: "Жебе", "Шана". Тыныс алу жаттығуы Жаңылтпаштар. Тіл ұстарту жаттығулары Сергіту сәті. "Ұшты-ұшты" ойыны. Жазылым жаттығуы. Есте сақтайық: Ш және Ж - қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар.</p>		
25	"Қыс мезгілінің құбылыстары. Қысты қалай қарсы аламыз?".	Балалардың қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; аяз туралы түсінік беру; жұмбақтар, өлеңдер, әңгімелер туралы түсініктерін	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын	Сөздікке "табиғат құбылыстары", "боран", "аяз"" сияқты сөздерді енгізу; қыс	Қыстың келуі сезімін тудыратын аудио жазба. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық	"Амандасайық" жаттығуы. Көркем сөз. Қыс туралы жұмбақ. Суреттерге негізделген сөздік	1	28.11.2022

	<p>бекіту; табиғат пен адамның өзара байланысы туралы, қыс құбылыстарының ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту; қазақ тіліндегі жұмбақтарды, өлеңдер мен әңгімелерді ажырата білуге және сөйлем құрастыра білуге дағдыландыру; сөздерді нақты дыбыстармен айтуға үйрету арқылы артикуляцияны дамыту; қыста және жылдың басқа уақыттарында табиғат құбылыстарын салыстыруға үйрету, кездейсоқ қорытынды жасау; есту зейінін, қиялын, ауызша шығармашылыққа деген қызығушылығын дамыту; табиғат пен қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	<p>дамыту.</p>	<p>туралы мақал-мәтелдермен сөздік қорларын молайту.</p>	<p>тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта.  Қыстың келуі туралы демонстрациялық сурет.  Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы суреттер сериясы.  Жұптасқан мнемокарталар:  - жаңбыр жауады- қар жауады;  - суық, адам тонады-ыстық, адам терлейді;  - өзен ағады - өзен қатады;  - күзгі сары орман- қарлы ақ орман;  - жапырақтары түседі-қар ұлпасы жауады;  - жапырақтар барлық жерде, жерде, орындықта, шатырларда, ағаштарда- қар барлық жерде,</p>	<p>жұмыс. "Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары".  Мүмкін болатын екі оқиғаның біреуін салыстыру және теріске шығару негізіндегі ауызша жаттығу. "Жыл мезгілдері".  Пантомима мен музыкаға негізделген ауызша-ырғақты жаттығу. "Өзендегі мұз".  "Сиқырлы сақина" негізінде суреттегі оқиғаны модельдеу.  "Қыс туралы әңгіме".  "Өлеңдерді бірлесіп мәнерлеп оқу бойынша ауызша жаттығу. "Қыс".  Абай Құнанабаевтың "Қыс" өлеңін мәнерлеп оқу.  Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Қыста</p>		
--	--	----------------	--	--	---	--	--

					жерде, орындықта, шатырларда, ағаштарда; - аяқта үйде киетін жеңіл аяқ киім - аяқта етік; - жапырақтарды сыпыру-қар күреу; - ағаш бұтақтары гүлденген - ағаш бұтақтары шықтанған. "Балалар қысты қарсы алады" демонстрациялық суреті. Сурет-қыс пен жаз туралы мақалдың схемасы.	малыңды бақ, жазда шөбінді шап", "Қыстың көзі қырау".		
26	"С-З дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".	Балаларды "С-З" дыбыстарымен, "Сс-Зз" әріптерімен таныстыру. "С-З" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "С-З" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "С-З" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында,	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"С", "З", "Алақай, қыс келді!", "сырға", "сақина", "сағат", "сүт", "сызғыш", "сабақ", "сөмке", "сабын", "сағыз" сөздерін пайдалану.	Интерактивті тақта, таяқша, С-З дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта, үлестірме материалдар, қыс мезгілінің ерекшеліктері	Артикуляциялық гимнастика «З» және «С» дыбыстарының артикуляциясын салыстыру. Ойын: "Не артық?" / С - З дыбыстарын сөзде ажырату/ "Сөз ойла, көп ойла" дидактикалық ойыны.	1	30.11.2022

		<p>ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "С-З" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады. Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қыс мезгілінің ерекшеліктерін, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс баяндауға, байланыстырып сөйлеуге дамыту.</p>			<p>бейнеленген суреттер, ойынға қажетті құралдар: қолдан жасалған қар мүсіндері, шелек, күрек және т.б. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.</p>	<p>[С -З] дыбыстарын буында, сөзде ажырату жаттығулары. Буында ажыратуға буындарды айтқызып, одан сөз құрау. Фонеманы есту жаттығуы. Дыбыстық талдау: "Қас", "Қаз" "Адасқан дыбыстар" ойыны. «Сы» буынын қосып сөзді аяқта. Дидактикалық ойын. «Сөз ойла, көп ойла». Көркем сөз. Дидактикалық ойын: "Дәл тауып айт". Тіл ұстарту жаттығулары. Сергіту сәті. Жазылым жаттығуы. Есте сақтайық: С және З - қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар.</p>		
--	--	--	--	--	--	---	--	--

27	"Қазақстанның қазба байлықтары".	Балалардың Қазақстан, оның табиғи байлықтарының ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; "ауыз су", "көмір", "бидай", "мұнай", "кен", "газ", "көл", "теңіз", "дала", "таулар", "орман" сөздерінің мағынасын түсіндіру; онға дейін санау және кері санауды үйрету; Отан, туған жердің құндылықтары туралы түсініктерін дамыту; балаларды қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыра отырып, Қазақстанның байлығы туралы тақырып бойынша қазақ тілінде тыңдауға, түсінуге және сөйлеуге үйрету; Қазақстанның байлығы туралы жалпы әңгіме құрастыру процесінде жеке және коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту, кеңістіктік қиялдың, есте сақтаудың, ойлаудың негіздерін дамыту; патриоттық сезімге, туған жердің табиғи байлықтарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке алтыдан онға дейінгі сандардың атауларын, "газ", "ауыз су" сияқты сөздерді енгізу; "байлық", "мұнай", "көмір", "кен", "көл", "теңіз" сөздерінің және "су ішеді", "бидайдан ұн жасайды", "нан піседі", "көмір жылу үшін қажет", "бензин мұнайдан жасалады", "темір, металдар кеннен балқытылады", "газ жылу береді", "газ жылу береді", "дала үй төрт түлік жайылып жүр", "тауларда қар бар", "қар еріп, су береді",	ҚР Мемлекеттік Гимнінің аудиожазбасы. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы. Интерактивті тақта. Қазақстанның қазба байлықтары туралы сөздік жұмысына арналған демонстрациялық суреттер. Демонстрациялық сандар жиынтығы бірден онға дейін. Сурет-алғашқы ондықтың сандық қатарының схемасы. Сурет-сандық қатардың және Қазақстан байлықтарының қатарының сызбасы. Тыныш әуеннің аудио жазбасы. Балалардың санына	"Амандасайық" жаттығуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимнін орындау. Қазақстан картасының анимациялық бейнесін, көрікті жерлер туралы Слайдшоуды көрсету. Көркем сөз. Ұ. Есдәулеттің "Арыстандай айбаттым" өлеңін мәнерлеп оқу. Суреттер галереясына негізделген сөздік жұмыс. "Қазақстан байлықтары". Карточкалар негізінде қазақ тілінде тура және кері санауды меңгеру бойынша ауызша жаттығу. "Сандық қатар". Санамақ. "Бірден онға дейін және кері	1	05.12.2022
----	----------------------------------	---	--	--	---	---	---	------------

				"қарағай орманы бар", "қайыңды орман", "қылқан жапырақты орман", "көп балық" сөз тіркестерінің көмегімен сөздікті белсендіру.	орай бірден онға дейінгі сандар жиынтығы. Балалар санына есептелінген Қазақстанның байлықтарының он суретінен үлестірме жиынтықтар.	санаңыз". Оқырманның мәнерлеп айтуына негізделген ауызша-ырғақты жаттығу. "Қазақстанның он байлығы". Лото ойыны негізінде "Қазақстанның байлығы" санауышын жаттауға арналған сөздік жаттығу. Бірқатар мысалдар негізінде "Қазақстан байлығы" ұғымын модельдеу бойынша ауызша жаттығу. Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Жер – ырыстың кіндігі".		
28	"П-Б дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау,	Балаларды "П-Б" дыбыстарымен, "Пп-Бб" әріптерімен таныстыру. "П-Б" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "П-Б" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру,	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің	"П", "Б", "пойыз", "сағат", "кілт", "доп", "бала", "бақа" сөздерін пайдалану.	Шаттық шеңбері, әңгімелеу, сергіту сәті, артикуляциялық гимнастика, сұрақ-жауап, жаңылтпаш, жұмбақ жасыру,	Артикуляциялық гимнастика «П» және «Б» дыбыстарының артикуляциясын салыстыру. Буындарда есту,	1	07.12.2022

	<p>жазу негіздері)".</p>	<p>естіп,ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "П-Б" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "П-Б" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады. Көркем сөз арқылы туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.</p>	<p>грамматикалық құрылымын дамыту.</p>		<p>көркем сөз, дидактикалық ойындар, саусақ жаттығуы, тіл ұстарту жаттығулары, фонопедиялық жаттығулар, тыныс алу жаттығуы.</p>	<p>табу жаттығуы: "Қайтала" жаттығуы. М. Әлімбаевтың «Менің – Қазақстаным» өлеңін мәнерлеп оқу. "Дәмді тосап" жаттығуы. Дидактикалық ойын: "Өз туынды тауып ал" "Б, П" дыбыстары бар сөздерді естігенде қолды көтер" жаттығуы. Тыныс алу жаттығулары. Фонеманы есту қабілетіне жаттығулар: "Артық сөзді тап", "Дыбыстың орнын тап", "Буындық лото". Дыбыстық талдау: "Піл", "Бір". Сергіту сәті: "Көңіл күйді көтеру кезеңі". "Жоғалған дыбыс"</p>		
--	--------------------------	---	--	--	---	--	--	--

						дидактикалық ойыны. Жазылым жаттығуы. Есте сақтайық: П және Б - қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар.		
29	"Киім түрлері. Жаңа жылға дайындық".	Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін кеңейту; маусымдық киімдер туралы білімдерін дамыту; ер балаға және қыз балаға арналған киімдердің атауларын ажырата білуге дағдыландыру; әйгілі ертегілердің мазмұны мен кейіпкерлері туралы білімдерін бекіту; геометриялық денелер мен қоршаған әлем туралы білімдерін тереңдету; адам өмірінің табиғатпен байланысы туралы көзқарастарын қалыптастыру; достыққа, ұйымшылдыққа, әлемге деген оң көзқарасқа, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "кұлаққап", "тоқылған", "ақжелкен", "текше", "шартылдақ" сияқты сөздерді енгізу; сөздікті киім, аяқ киім және бас киім түрлерін білдіретін сөздердің көмегімен белсендіру.	Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, тосын сәт, жұмбақтар мен суреттерді шешуге негізделген сөздік жұмыс, тұжырымданы модельдеуге арналған ауызша жаттығу, пантомима мен музыкаға негізделген артикуляциялық-ырғақты жаттығу, объектілер мен геометриялық денелерді салыстыру негізінде формаларды салыстыру және	Аудиожазбаны тыңдау Жұмбақтарды шешуге және суреттерді анықтауға негізделген сөздік жұмыс. "Аулаға не кию керек?". "Киім-кешек, Аяқ киім. Бас киімдер" ұғымдарын қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу. Пантомима мен музыкаға негізделген ырғақты жаттығу. "Аяз Атаға сыйлықтар". Тосын сәт. "Неткен ғажап сыйлықтар" атты	1	12.12.2022

					визуализациялауға арналған сөздік жаттығу, кескіндерді салыстыруға негізделген ауызша логикалық дамыту жаттығуы, материалды бекіту, қорытындылау.	сергіту сәті. Заттар мен геометриялық денелер негізінде формаларды салыстыру және визуализациялау бойынша ауызша жаттығу. "Ойыншықтар және геометриялық денелер". Суреттерді салыстыру және визуализациялау негізінде ауызша-логикалық дамыту жаттығулары. "Аяз Ата не киеді?". Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Көңіл — шашылған нұр".		
30	"Ф-В дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау,	Балаларды "Ф-В" дыбыстарымен, "Ф ф-В в" әріптерімен таныстыру. "Ф-В" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Ф-В" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің	"Ф", "В", "Жаңа жыл", "вафли", "вагон", "трамвай", "вокзал", "аквариум" сөздерін	Шаттық шеңбері, әңгімелеу, сергіту сәті, артикуляциялық гимнастика, сұрақ-жауап, жаңылтпаш, жұмбақ жасыру,	Артикуляциялық гимнастика «Ф» және «Б» дыбыстарының артикуляциясын салыстыру. Буындарда есту,	1	14.12.2022

	<p>жазу негіздері)".</p>	<p>қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "Ф-В" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Ф-В" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады. Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту.</p>	<p>грамматикалық құрылымын дамыту.</p>	<p>пайдалану.</p>	<p>көркем сөз, дидактикалық ойындар, саусақ жаттығуы, тіл ұстарту жаттығулары, фонопедиялық жаттығулар, тыныс алу жаттығуы.</p>	<p>табу жаттығуы: "Қатты - ақырын - сыбырлап" ойыны, "Тез - ақырын" ойыны, "Жалғасын тап" ойыны. Жұмбақтар жасыру. «Үш торай» ертегісін мәнерлеп оқу. "Ф", "В" дыбыстары бар сөздерді естігенде қолды көтер" жаттығуы. Көркем сөз. "Жаңа жыл". Тіл ұстарту жаттығулары Дыбыстық талдау: "Фара", "Ваза". Сергіту сәті: "Еркін ұста дененді". Жазылым жаттығуы. Есте сақтайық: Ф және В - қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. "Ф" дыбысы орыс тілінен енген дыбыс: фонтан, футболшы, ферма,</p>		
--	--------------------------	---	--	-------------------	---	---	--	--

						шкаф. "В" дыбысы орыс тілінен енген дыбыс: велосипед, вокзал, трамвай, автобус, вагон, аквариум, витамин.		
31	""Алдар Көсенің сиқырлы шапаны" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Ерекше жұмбақтар".	Балалардың қысқы мерекелер туралы білімдерін кеңейту; "Алдар Көсенің сиқырлы шапаны" ертегісінің мазмұнымен таныстыру; жана жылдық мереке туралы ұғымды дамыту; зат есім, сын есім есімдерін білдіретін сөздер туралы түсініктерін қалыптастыру; еңбексүйгіштік, адалдық, мейірімділік туралы түсініктерін дамыту; балаларды қазақ тілінде ертегі тыңдауға, ертегінің мазмұнын есте сақтауға, кейіпкерлердің есімдерін есте сақтауға, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; достыққа, мейірімділікке, еңбекқорлыққа, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "бай", "айлакер", "шапан", "ішік", "бөрік", "тымақ", "қамшы" сөздерін енгізу; "Жолдың алыс-жақынын жортқан біледі, дәмнің ащы-тұщысын тартқан біледі" мақалымен сөздік қорларын молайту.	Жаңа жылдық әуен. Сөздік жұмысқа арналған мнемокарта: Алдар Көсе; Бай; боран; шапан; ішік; бөрік; тымақ; қамшы; аңқау бай; айлакер Алдар Көсе. "Алдар Көсенің сиқырлы шапаны" ертегісінің желісі бойынша сюжеттік суреттер: - Қыс мезгілі, жел соғып тұрады, Алдар Көсе шұрық тесіктері бар шапан киген, басында бөрік, астында арық ат. - Басында тымақ, астында ат, үстінде түлкі ішігі бар	"Амандасайық" жаттығуы. Мнемокарталар негізінде ертегі мазмұнымен сөздік жұмыс. Көркем сөзді мәнерлеп оқу. "Алдар Көсенің сиқырлы шапаны" ертегісін мәнерлеп оқу. "Алдар Көсенің сиқырлы шапаны" ертегісінің мазмұнын құрастыруға арналған ауызша жаттығу. Ырғақты сергіту сәті. "Далада аяз гуілдеп", Зат есім мен сын есім негізінде	1	19.12.2022

					<p>толық денелі бай. - Бай мен Алдар Көсе қарама-қарсы ат үстінде сөйлесіп тұрады. - Бай Алдар Көсенің жыртық тонын ойлап тұрады, Алдар Көсе байдың ішігін армандап тұрады. - Астында байдың аты, үстінде байдың ішігі бар Алдар Көсе. Жануарлар мен кейіпкерлердің түрлі маскалары.</p>	<p>жұмбақтарды құрастыруға және шешуге арналған ауызша жаттығу. "Біз ерекше жұмбақтар ойлап табамыз". Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық".</p>		
32	<p>"Сиқырлы дыбыстар мен әріптер әлеміне саяхат (өткен тақырыптарды қорытындылау)".</p>	<p>Балалардың тілдік дыбыстық мәдениетін дамыту және тәрбиелеу, дауысты және артикуляциясы бойынша жеңіл дауыссыз дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру, дыбыстарды дұрыс айтқытуда фонематикалық естуді, яғни дыбыстарды айыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алу, сөйлеу қарқыны, дауыстың биіктігі мен қаттылығы, дикцияны айыра алу қабілеттілігін</p>	<p>Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.</p>	<p>"Сиқырлы дыбыстар", "әріптер әлемі", "қыс", "Жаңа жыл", "аққала", "шелек", "күрек" сөздерін пайдалану.</p>	<p>Интерактивті тақта, таяқша, өткен әріптердің баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта, үлестірме материалдар, қыс мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген</p>	<p>Шаттық шеңбері: "Қонақ күту салтымыз". Кіріспе әңгімемелсу. С.Жиенбаев "Жаңа жыл келді" өлеңін мәнерлеп оқу. Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған әзіл-жаңылтпаштар. "Дыбыс кездесетін</p>	1	21.12.2022

		дамыту, сөз, сөйлем, буын туралы білімдерін бекіту, оларды жеке талдап жұмысын дәлдеп көрсету, балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту, топпен жұмыс істеуге, ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу, өткен тақырыптарды қайталау, бекіту.			суреттер, ойынға қажетті құралдар: қолдан жасалған қар мүсіндері, шелек, күрек және т.б. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	сөздерді тап" ойыны. "Буында дыбыс естілсе, белгі бер" ойыны. "Сөзді бөл" жаттығуы. "Берілген буындардан сөз ойлап құрастыр" жаттығуы. "Дыбыстың орнын тап" ойыны. Миға шабуыл. Дидактикалық ойын: "Сөзді жалғастыр". "Моншақтарды тізейік" ойыны.		
33	"Қыс қызықтары. "Біз қармен қалай ойнадық" тақырыбын сурет бойынша әңгімелеу".	Балалардың қысқы спорттық (коньки, хоккей, шаңғы) ойын түрлері туралы түсініктерін кеңейту; оның ішінде; іс-қимыл тәсілдері және қысқы ойын-сауықтың қандай да бір түрлері туралы түсініктерін дамыту; денсаулықты нығайтуға ықпал ететін қысқы мезгілдегі көшедегі тәртіп ережелерімен таныстыру; мнемо карталарға, іс-	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	- аққала; коньки; қарлы төбе; шана; қар; шаңғы; таудан сырғанайды; шана сүйрейді, күшікті сырғанатады; коньки тебеді; екі бала құшақтасып, жымияды;	Тыныш қарқынды әуен. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Қар үстімен жүрген дыбыстың жазбасы. Көңілді ырғақты әуендердің	"Амандасайық" жаттығуы. Мнемокарталар мен түйін сөздер негізіндегі сөздік жұмыс. "Сөзді аяқта". Суреттерге негізделген әрекеттерді көрсететін етістік сөздерді таңдау	1	26.12.2022

		<p>әрекеттері, пантомималары бар суреттерге сүйене отырып, балалардың қыс қызығы тақырыбы бойынша қазақ тілінде түсінік беру дағдыларын дамыту; балаларды достыққа, зейінділікке тәрбиелеу.</p>		<p>шаңғы тебеді; қолқаппен қар ұлпасын ұстайды; аққалаға арналған шарлар; қар лақтыру.</p>	<p>аудиожазбалары. Аққала-хоккейшінің демонстрациялық суреті. Сөздік жұмысына арналған мнемокарталар. "Біз не істейміз?" ойынына арналған суреттер. Қысқы ойын-сауықтың демонстрациялық суреті." "Қыста әр түрлі киінген балалардың суреттерінің үлестірмелі сериясы:біреуі тым жылы киінген, екіншісі жеңіл, үшіншісі спортпен шұғылданады. Суреттер саны балалар санына орай немесе екі адамға арналған бір жиынтық болуы мүмкін.</p>	<p>бойынша ауызша жаттығу. "Біз не істейміз?". Сөйлем түрлеріне негізделген қысқы көңілді оқиғаны құрастыруға арналған ауызша жаттығу. "Қыс қызығы". Пантомима мен музыкаға негізделген ауызша-ырғақты жаттығу. "Өзендегі мұз". Жеке қажеттіліктер мен сыртқы жағдайларды салыстыру негізінде тәртіп ережелерін құруға арналған ауызша-логикалық жаттығу. "Не дұрыс емес?". Есте сақтау жаттығуы: "Денсаулық - зор байлық".</p>		
34	"Жұп құрауға	Х дыбысының	Сөздік жұмыс.	"Қыс", "қыс	Слайдтағы	Артикуляциялық	1	28.12.2022

	<p>қабілетсіз дауыссыз дыбыстар. X дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".</p>	<p>артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне X х әрпінің жазылу таңбасын үйрету. X дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру.</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.</p>	<p>қызығы", "шеберхана", "кітапхана", "емхана", "дәріхана", "ұстахана", "шайхана", "аурухана", "асхана" сөздерін пайдалану.</p>	<p>суреттер, буындар, сөзжұмбақ, ойындар, бейне таспа, оқулық, суреттер, кеспе әріптер, үлестірме қағаздар, Әліппе, хат қалта, пошта жәшігі, интерактивті такта, слайд шоу, бейне көріністер, қызыл, көк текшелер. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.</p>	<p>гимнастика "Доптар ұшады", "Сағат" - тыныс жаттығулары. X дыбысын айту, сипаттама беру, артикуляциясы. "Дәмді тосап" гимнастикасы. X дыбысының қатысуымен тақпақтарды мәнерлеп оқу. Фонеманы есту қабілетіне ойын-жаттығулар: "Кім шапшаң?", "Кім тапқыр?" ойындары. Сөздерді шапалақтардың көмегімен буындарға бөл" ойыны (Хор, қол, халат, салат, хат, зат, саяхат, парасат, хабар, сабыр, шахмат, хоккей). Жаңылтпаштар. Тіл ұстарту жаттығулары. "Сөз ойла, тез ойла" ойыны (X</p>		
--	---	--	---	---	---	---	--	--

						дыбысына сөздер ойлау). Дыбыстық талдау: "Хат", "Шахмат". Көркем сөз. Ш.Ахметов. "Аяз қысып, өрнек сызып" . Есте сақтау жаттығуы: шеберхана, кітапхана, емхана, дәріхана, ұстахана, шайхана, аурухана, асхана. Х дыбысы - қатаң дауыссыз дыбыс.		
35	"Қар жауыны. Туынды сөздер".	Балалардың қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; қардың ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру; "қар", "қар жауыны", "қар ұшқыны", "Ақшақар", "аққала" мысалдары бойынша біріккен сөздер, яғни екі түбірдің бірігуі арқылы жасалатын күрделі сөздер туралы білімдерін бекіту; судың көрінісі ретінде қардың (ерудің), мұздың қасиеттері	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Қар ұшқыны", "аққала", "Ақшақар", "бәйшешек", "қар жауыны"; қар жауған кезде қардың орналасуы туралы айтылатын сөйлемдердің көмегімен сөздік қорларын арттыру; «қар -	"Қар, қар жауу тақырыбына сәйкес келетін түрлі ырғақтары бар аудиожазба. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, көрсеткіш, интерактивті тақта. Қалада қар жауғаны туралы бейнеролик.	"Қар". Интеллектуалды карта негізінде қар ұғымын модернизациялау бойынша сөздік жұмыс. Ауызша ырғақты жаттығу. «Аққала». Мнемикалық карталар негізінде қар жауған оқиғаны модельдеу бойынша ауызша жаттығу.	1	04.01.2023

		<p>туралы түсінік беру; мақал мысалында қардың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру.</p>		<p>бұл су», «қар ұшқыны - бұл су», «қар жауыны - бұл су», «сүңгі- су», «мұз - су», «мұздық - бұл су», «ақшақар - бұл су» сөз тіркестерін қолдану; сөздікті «Қарсыз қыс - нансыз жаз» деген мақалмен байыту.</p>	<p>"Қар" интеллектуалды картасын толтыруға арналған суреттер: қар ұшқыны, аққала, Ақшақар, бәйшешек, қар жауыны. "Қар" сөзімен бірдей емес сөздерді бейнелейтін суреттер: мұз, мұздық, сүңгі, су. Бастапқы сурет-орталық "қар" суреті бар "қар" интеллектуалды картасының сызбасы. "Қар қайда жатыр?" мнемочарточкалары. "Ақшақар" ертегісінің соңғы сюжеттері бар демонстрациялық суреттер: оттан секіру, бұлттан жаңбыр. Толтырылған</p>	<p>Көркем сөз. "Қыс" өлеңін мінерлеп оқу. Ауызша ырғақты жаттығу. «Қыс». "Ақшақар" ертегісі мен интеллектуалды карта мысалына сүйене отырып, қардың қасиетін анықтауға арналған сөздік-логикалық жаттығу. «Қар дегеніміз не?» Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. «Естеліктер».</p>		
--	--	--	--	---	--	--	--	--

					сурет: "су "интеллектуалды картасының сызбасы. Қар туралы мақалдың мағынасын түсіндіруге арналған суреттер.			
36	"Һ дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)."	Һ дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне Һ һ әрпінің жазылу таңбасын үйрету. Һ дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету,	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Қаһарлы айдаһар, "Шаһарға келіп", "Қаһарланар" сөздерін пайдалану.	Слайдтағы суреттер, буындар, сөзжұмбақ, ойындар, бейне таспа, оқулық, суреттер, кеспе әріптер, үлестірме қағаздар, Әліппе, хат қалта, пошта жәшігі, интерактивті такта, слайд шоу, бейне көріністер, қызыл, көк текшелер. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	Артикуляциялық гимнастика. "Тәтті тосап", "Сылақшы". Жаңылтпашты жаңылмай айт. Тыныс алу жаттығуын орындау. Өз тынысымызды тындайық. Тіл ұстарту жаттығулары.	1	09.01.2023

		жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру, қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қардың қасиеттерімен таныстыру, ақ ұлпа қар туралы түсініктерін кеңейту.					
37	"Түлкі мен сұр қасқыр" ертегісі".	Балаларды "Түлкі және сұр қасқыр" ертегісімен таныстыру; айла, алдау, ашкөздік, ақымақтық, мейірімділік және жанашырлық сияқты қасиеттер туралы түсініктерін қалыптастыру; маусымдық өзгерістер туралы, жазда және қыстағы жануарлар, құстар, адамдар өмірінің ерекшеліктері туралы идеяларын дамыту; еңбек қажеттілігі және жағымды мінездің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту; мейірімділікке, еңбекқорлыққа, жомарттыққа, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Ер адам", "әйел", "ойық", "үзеңкі", "бөшке", "жаға", "сезді" сөздерінің мағынасын түсіндіру және сөздікке енгізу; "Қыс арбанды сайла, жаз шананды сайла" мақалымен сөздік қорларын байыту.	Бірғақты көңілді әуеннің аудио жазбасы. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Ормандағы боранның дыбыстық жазбасы. Қысқы орманның демонстрациялық суреті. "Түлкі және сұр қасқыр" ертегісінің сюжеті бойынша сөздік жұмысына арналған мнемокарталар. Шана қоңырауының дыбыстық жазбасы.	"Амандасу" жаттығуы, "Түлкі және сұр қасқыр" ертегісінің сюжетіндегі мнемокарталардың негізінде ертегінің мәтіні бойынша сөздік жұмыс. Ертегіні мәнерлеп айту. "Түлкі мен сұр қасқыр". "Түлкі мен сұр қасқыр" ертегісінің кейіпкерлерінің жиі қайталанған сөздерін айтуға арналған ауызша ырғақты жаттығу. Диалог негізінде "Түлкі және сұр қасқыр" ертегісінің мазмұнын құрастыруға	1 11.01.2023

				<p>Көңілді, орташа жылдамдықтағы әуеннің аудио жазбасы.</p> <p>"Түлкі және сұр қасқыр" ертегісінің сюжеті бойынша демонстрациялық суреттер".</p> <p>Аңдар мен құстардың жаздағы тіршілігін бейнелейтін суреттер.</p> <p>Аңдар мен құстардың қыстағы тіршілігін бейнелейтін суреттер.</p> <p>Мақалдың мағынасын түсіндіруге арналған суреттер: күн көзінде, шөптің үстінде шана; қар үстінде арба.</p> <p>Әуеннің ырғақты, орташа қарқынының аудиожазбасы.</p>	<p>арналған ауызша жаттығу.</p> <p>Ойын негізінде табиғат құбылыстарын салыстыруға арналған сөздік жұмыс. "Қыста не істейді?"</p> <p>Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Қыс арбаңды сайла. Жаз шанаңды сайла".</p>			
38	"Щ әріпі	Щ дыбысының	Сөздік жұмыс.	"Щ", "күн	Слайдтағы	Щ щ дыбысының	1	16.01.2023

	(артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу, атау, жазу негіздері)".	артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне Щ щ әршінің жазылу таңбасын үйрету. Щ дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру, қысқы аңдар туралы түсініктерін кеңейту, олардың қысқы тіршілігімен таныстыру.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	тәртібі", "сабын", "орамал", "щетка", "тіс пастасы", "сусабын", "балхаш", "ащы", "тұщы" сөздерін пайдалану.	суреттер, буындар, сөзжұмбақ, ойындар, бейне таспа, оқулық, суреттер, кеспе әріптер, үлестірме қағаздар, Әліппе, хат қалта, пошта жәшігі, интерактивті такта, слайд шоу, бейне көріністер, қызыл, көк текшелер. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	айтылу артикуляциясы. "Күрекше", "Шәшке", "Инеше", "Төбешік", "Түтікше", "Сағат". "Ой қозғау". Жұмбақ шешу. "Щетка" өлеңін жаттау. Тіл ұстарту жаттығулары.		
39	"Қыстайтын құстар".	Балалардың қыстайтын құстар туралы түсініктерін, оларға қамқорлық жасау тәсілдері	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздікке "суықторғай", "торғай",	Қоректендіргіште қыстайтын құстардың	"Амандасайық" жаттығуы. Көркем сөз.	1	18.01.2023

	<p>туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстар шығаратын дыбыстардың ерекшеліктері туралы түсіндіру; "қыс" сөзімен түбірлес "қыстау - қыстайтын" сөздері туралы білімдерін бекіту; шыдамдылық сезімі, жақсы мінез-құлық ережелері туралы түсінік қалыптастыру; өлең-дәйексөздердің мысалдарын қолдана отырып, өлеңнің мазмұны бойынша диалог құруды үйрету; есте сақтау, ойлау, қарым-қатынас дағдыларын дамыту; қыстайтын құстарға ұқыпты қарауға, шыдамдылыққа, мейірімділікке, адалдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.</p>	<p>"шымшық", "қарға", "сауысқан", "тоқылдақ", "үкі", "қызыл кеуде" сөздерін енгізу; "Еңбексіз тіршілік жоқ" мақалының көмегімен сөздік қорларын дамыту.</p>	<p>дыбыстарының дыбыстық жазбалары, торғайдың дауысы. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, көрсеткіш, интерактивті тақта. Көрнекі тақырыптық қыстайтын құстардың суреттері: торғай, шымшық, қарға, сауысқан, тоқылдақ, үкі, суықторғай. Салыстыруға арналған демонстрациялық сурет: шымшық, қарға, суықторғай. Қыстайтын құстардың демонстрациялық суреттері. "Қарлығаш пен шөже торғай" ертегісінің сюжеті бойынша</p>	<p>"Қыстайтын құстар" өлеңін мәнерлеп оқу. Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. "Қысқы құстар". Бірдей құстарды салыстыру, бейнені визуализациялау, аудио тыңдау негізінде "суықторғай" ұғымын қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу. "Қарлығаш пен торғай" ертегісін мәнерлеп оқу. Диалог негізінде "Қарлығаш пен торғай" ертегісінің мазмұнын құрастыруға арналған ауызша жаттығу. "Құстар қалай дыбыстайды?" артикуляциялық жаттығу. Еліктеуіш сөздерге</p>	
--	--	--	---	---	---	--

					демонстрациялық суреттер. Қыстайтын құстардың дыбыстарының дыбыстық жазбасы: торғай, шымшық, қарға, сауысқан, тоқылдақ. Демонстрациялық сурет: қоректендіргіштегі құстар.	негізделген әрекеттерді атауға арналған ауызша жаттығу. "Кім қалай дыбыстайды?".		
40	"Ч дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)."	Ч дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне Ч ч әрпінің жазылу таңбасын үйрету. Ч дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Желтоқсан", "қаңтар", "ақпан", "торғай", "сауысқан", "көгершін", "шымшық", "жыл құстары", "көкек", "көгершін", "қарға" сөздерін пайдалану.	Слайдтағы суреттер, буындар, сөзжұмбақ, ойындар, бейне таспа, оқулық, суреттер, кеспе әріптер, үлестірме қағаздар, Әліппе, хат қалта, пошта жәшігі, интерактивті тақта, слайд шоу, бейне көріністер, қызыл, көк текшелер. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер,	Ч ч дыбысының айтылу артикуляциясы. Жоғарғы артикуляция. Төменгі артикуляция. "Күрекше", "Ине", "Төбешік немесе жота", "Түтікше", "Ожау", "Сағат тілі", "Саңырауқұлақ". Жұмбақ жасыру. "Ой қозғау". Тіл ұстарту жаттығулары.	1	23.01.2023

		бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру, қыстап қалатын құстардың түрлерімен және қысқа бейімделуімен танысады.			қаламсаптар.			
41	""Ақылды егінші" ертегісі".	Балаларды "Ақылды егінші" ертегісінің мазмұнымен таныстыру; ертегіде кездесетін сөздердің мағынасын түсіну, ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту; қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту; адам еңбегіне деген құрметпен қарау ұғымын қалыптастыру; балаларды ертегіні қазақ тілінде мұқият тыңдауға, тірек сөздерді дұрыс айтуға үйрету; сондай-ақ жиі қайталанатын сөздерді есте сақтау қабілетін дамыту; балаларды еңбексүйгіштікке, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке қоршаған орта, егін, егінші, егістік сөздерін енгізу, "Диқан адам дән шашар, ел-жұртына нан шашар" мақалы арқылы сөздік қорларын дамыту.	Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Ритмикалық жаттығуларға арналған орташа және жылдам ырғақты дыбыстық жазбалар. "Ақылды егінші" ертегісінің мазмұнына негізделген суреттер.	"Амандасайық" жаттығуы. Көркем сөз. А. Байтұрсынұлының "Егіннің бастары" өлеңінен үзінді оқу. Мнемокарталарға негізделген ертегі мазмұнына бойынша сөздік жұмыс. Ертегіні мәнерлеп оқу. "Ақылды егінші" ертегісін мәнерлеп айту. Ертегі мазмұны негізіндегі ауызша жаттығу. "Егін егеміз" сергіту сәті. Жұмбақтарды	1	25.01.2023

						шешуге арналған ауызша жаттығу. Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу: "Диқан адам дән шашар, ел-жұртына нан шашар".		
42	"Ц дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".	Ц дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне Ц ц әрпінің жазылу таңбасын үйрету. Ц дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Ц", "Жер шары", "Тірі табиғат", "Өлі табиғат", "Цирк" сөздерін пайдалану.	Слайдтағы суреттер, буындар, сөзжұмбақ, ойындар, бейне таспа, оқулық, суреттер, кеспе әріптер, үлестірме қағаздар, Әліппе, хат қалта, пошта жәшігі, интерактивті тақта, слайд шоу, бейне көріністер, қызыл, көк текшелер, ұнтаспа, табиғат көрінісі, сурет. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	Ц дыбысының артикуляциясы. Тілге арналған жаттығулар. «Тауып көр» ойыны. Жұмбақ шешу. Саусақ жатығуы. "Тыңдаймын, жаттаймын". Тіл ұстарту жаттығулары. Жоғалған әріпті тап (ойыны): (Ц, С).	1	30.01.2023

		арқылы тіл байлықтарын арттыру, қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған әлеммен және табиғатпен үйлесімдік туралы ұғындыру, қоршаған ортаға қамқорлық, жауапкершілік қасиеттерін дамыту табиғатты аялауға, қамқор болуға баулу.						
43	"Мамандықтар жайында диалогтар".	Балалардың мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту; "Қызықты мамандықтар" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; өрт сөндіруші, жол полицейі, сатушы сияқты мамандықтар туралы білімдерін толықтыру; мамандықтардағы іс-әрекеттердің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; мамандықтағы сыпайылық ережелері туралы, мамандықтағы мотивацияның мәні туралы түсініктерін дамыту; мамандық түрлерін атауға, ажырата білуге дағдыландыру; мәтіннің мәнін ашатын негізгі тірек сөздерді таңдап, әңгіме мазмұны бойынша блиц-	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "өрт сөндіруші", "жол полициясы", "сатушы", "қызықты", "ұнайды", "мамандық адамы", "клиент" сөздерін енгізу; "Егер адам құрылыста жұмыс жасаса, ол - құрылысшы. Егер адам сурет салса, онда ол - суретші. Егер адам шаш қиса, онда ол -	Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Демонстрациялық сурет "мамандықтар". Мамандықтардың демонстрациялық суреттері: дәрігер, мұғалім, суретші, құрылысшы, мұғалім, шаштараз, аспаз, өрт сөндіруші, полиция қызметкері. Ауызша-ырғақты музыкалық жаттығуға арналған	Тосын сәт. Көркем сөз. Жұмбақ. "Мамандықтар". Суреттерге негізделген сөздік жұмысы. "Мамандықтар". Әңгімені мәнерлеп оқу. "Қызықты мамандықтар". Блиц-сауалнама негізінде "Қызықты мамандықтар" әңгімесі бойынша тұжырым қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу. Поэтикалық диалогтарды	1	01.02.2023

		<p>сауалнамаларға қатыстыру; жұптардағы диалогтардағы қарым-қатынасты жаттықтыру; есте сақтау, ойлауды дамыту; әр түрлі мамандық өкілдеріне құрметпен қарауға, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>		<p>шаштараз. Егер адам өрт сөндірсе, онда ол - өрт сөндіруші. Егер адам балаларды оқытса, онда ол - мұғалім. Егер адам тігін тіксе, онда ол - тігінші. Егер адам сауда сатса, онда ол - сатушы. Егер адам көлік жүргізсе, онда ол - жүргізуші. Егер адам жол қозғалысын реттесе, онда ол - жол полициясы. Егер адам емдесе, онда ол - дәрігер." сөйлемдері арқылы сөздік қорларын дамыту.</p>	<p>ырғақты көңілді әуеннің аудиожазбасы. "Мамандық" ұғымын модельдеу жаттығуларына арналған суреттер сызбасы. "Дәрігер", "аспаз", "шаштараз", "мұғалім" карталары, сондай-ақ олардың маскалары мен атрибуттары. Үлестірмелер: - маска-дәрігер, танометр, дәрумендер құтысы; - маска-шаштараз, ойыншық қайшы, тарақ: - маска-аспаз, ойыншық пышақ, тақтай, көкөніс муляждары, тостаған. - маска-мұғалім - карточкалар - әріптер."</p>	<p>жаттауға негізделген ауызша-ырғақты музыкалық жаттығу. "Сәлеметсіз бе! Сәлеметсіз бе!" Диалогке негізделген атрибуттары бар ауызша және рөлдік жаттығулар. "Мамандық иесі және клиент". Диалог үшін бос уақыт. Суреттер мен түсіндірме сөйлемдерді құру негізінде "мамандық" ұғымын бекіту үшін ауызша-логикалық жаттығу.</p>		
--	--	--	--	---	--	--	--	--

44	"М дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)."	М дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне М м әрпінің жазылу таңбасын үйрету. М дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"М", "кәсіптер", "мұғалім", "аспаз", "комбайншы", "механик", "құрылысшы", "шегарашы", "мектеп", "мысық", "мұз" сөздерін пайдалану.	Слайдтағы суреттер, буындар, сөзжұмбақ, ойындар, бейне таспа, оқулық, суреттер, кеспе әріптер, үлестірме қағаздар, Әліппе, хат қалта, пошта жәшігі, интерактивті тақта, слайд шоу, қызыл, көк текшелер, үнтаспа, табиғат көрінісі, сурет. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	«М»дыбысының дұрыс артикуляциясы. Саусақ жаттығуы. «Алфавит» ойыны. «Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық ойыны. Аудио арқылы жаңылтпаш тыңдату. «Орнын тап» ойыны. М м дыбысының орнын табу. «Әріптер еліне саяхат». Тіл ұстарту жаттығулары. "Жаңылтпашты жаңылмай айт". Жұмбақ шешу.	1	06.02.2023
45	"Тұрмыстық техника мен адам. "Тұрмыстық техника патшаны қалай	Үтік, теледидар ұғымдары арқылы тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту; тұрмыстық техниканың мақсаты және адамдардың өміріндегі рөлі туралы түсінік	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын	Сөздікке тұрмыстық техника атауларының (тоңазытқыш, шайнек,	Робототехника тақырыбындағы ырғақты әуеннің аудио жазбасы. Көрнекіліктерге арналған	"Амандасайық" жаттығуы. Көркем сөз. Жұмбақ. "Тұрмыстық техника".	1	08.02.2023

	<p>іздеді?" өлеңін мәнерлеп оқу."</p>	<p>беру; адамға "көмек" ретінде жасалатын іс-әрекеттердің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; үйдегі жайлылық пен жайлылық туралы ұғымды қалыптастыру; техниканы күту ережелері туралы ұғымдарын дамыту; балаларға тұрмыстық техниканың түрлері туралы жұмбақтарды, қазақ тіліндегі өлеңді тыңдауға, техниканың пайдасы туралы ойлауға, өлеңнің жолдарын дәйексөз түрінде айтуға дағдыландыру; сөздердің құрылымын тыңдауға, түбір сөздерді табуға, ойлауды дамытуға үйрету; балаларды ұқыптылыққа, қызығушылыққа, еңбекке деген құрметке тәрбиелеу.</p>	<p>дамыту.</p>	<p>шаңсорғыш, электр плитасы, кір жуғыш машина, үтік, теледидар) қазақша атауларын енгізу, сөз тіркестері мен сөйлемдер арқылы сөздік қорларын дамыту.</p>	<p>демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Әуеннің ырғақтық орташа қарқынының аудиожазбалары. "Тұрмыстық техниканың" демонстрациялық суреті. Тұрмыстық техника түрлерінің демонстрациялық тақырыптық суреттері: тоназытқыш, шайнек, шаңсорғыш, электр плитасы, кір жуғыш машина, үтік, теледидар. Балалар саны бойынша тұрмыстық техникасы бар үлестірмелі суреттер.</p>	<p>Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. "Тұрмыстық техника". "Тұрмыстық техника патшаны қалай іздеді?" өлеңін мәнерлеп оқу. Дәйексөздерді айту негізінде өлең кейіпкерлерінің негізгі сөз тіркестерінің себептерін зерттеуге арналған ауызша-логикалық жаттығу. Пантомимаға негізделген ауызша-ырғақты жаттығу. "Үйдегі көмекшілер". Түсіндірме сөйлемдерді құрастыру бойынша ауызша-логикалық жаттығу. "Маған ұнайды, себебі". Есте сақтау мен назарға арналған ауызша-дамытушылық</p>		
--	---------------------------------------	---	----------------	--	--	---	--	--

						жаттығу. "Таныс сөзді тап".		
46	"Л дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)."	Л дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне Л л әрпінің жазылу таңбасын үйрету. Л дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру, тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Диван", "шаңсорғыш", "теледидар", "кілем", "тұрмыстық техникалар", "үтік", "лақ" сөздерін пайдалану.	Слайдтағы суреттер, буындар, сөзжұмбақ, ойындар, бейне таспа, оқулық, суреттер, кеспе әріптер, үлестірме қағаздар, Әліппе, хат қалта, пошта жәшігі, интерактивті тақта, слайд шоу, бейне көріністер, қызыл, көк текшелер, ұнтаспа, табиғат көрінісі, сурет, үй жабдықтарының ойыншық түрлері. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	Л дыбысының артикуляциясы. Л дыбысына артикуляциялық жаттығулар. «Айтқанға көнбеген тілді жазалау». «Тәтті тосап». «Өткеншек». «Тілдің ұшымен тарсылдау». «Кеме». Жұмбақ шешу. Жаңылтпашты жаңылмай айт. Тіл ұстарту жаттығулары. Дыбыстық жаттығулар. "Көңілді тіл" туралы ертегі.	1	13.02.2023

		Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту.						
47	"Тазалық сақтау гигиенасы".	Балалардың салауатты өмір салты жайлы түсініктерін дамыту; жеміс пен көкөністердің адамның ағзасына пайдасы туралы пысықтау; оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; гигиена ережелері, адам денсаулығындағы маңызы туралы білімдерін кеңейту; әдептілікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Балалардың "дене мүшелері", "спортшы", "дене", "бас", "сол", "оң", "бас", "қол", "аяқ", "көкөністер", "жемістер", "дені саудың жаны сау" сөздері мен сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын молайту.	Көрнекіліктерге арналған тақталар, интербелсенді тақта, көрнекіліктер, жаттығу жасап жатқан адамдардың көрнекі суреттері. Заттық суретті-карточкалар: жемістер мен көкөністер; жаттығу жасап жатқан адамдардың үлестірмелі суреттері.	"Амандасайық" жаттығуы. Бірғақты жаттығу. "Спортшылар". "Дене" сызба-суреттер негізінде "дене мүшелері" түсінігін модельдеу жаттығуы. Ым-ишара мен жарыс элементтері негізінде тақпақ жаттауға арналған жаттығу. "Нағыз спортшылар". Заттық суретті-карточкалар негізінде "Менде не бар?" диалог-жаттығуы. "Жаттығуларды біз қалай жасаймыз! сөздік дамытушы жаттығу. Есте сақтау жаттығуы: "Дені саудың - жаны сау".	1	15.02.2023
48	"Білгіштер әлемінің тапсырмалары"	Сауат ашу пәнінен алған білімдерін пысықтау. Дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	"Тазалық", "гигиена", "ұқыпты",	Слайдтағы суреттер, буындар, сөзжұмбақ,	Жылулық шеңбері: "Денсаулық – ол шыныққан барлық	1	20.02.2023

	<p>туралы түсініктерін тиянақтау. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. Сағат сөзіне дыбыстық талдау жасап, дыбыстарды белгілеу. Балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту, сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Топпен бірлесіп жұмыс істеуге, ұғымталдыққа, шапшаңдыққа баулу. Таным қабілеттерін, байланыстыра сөйлеу дағдысын дамыту. Денсаулықты сақтау үшін, денсаулық ережелерін білу. "Денсаулық - зор байлық", "Дені саудың – жаны сау" - деген қағидаларды балалардың бойына сіңіру.</p>	<p>Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.</p>	<p>"таза", "Денсаулық – зор байлық", "Дені саудың- жаны сау" сөздерін және мақал-мәтелдерін пайдалану.</p>	<p>ойындар, бейне таспа, оқулық, суреттер, кеспе әріптер, үлестірме қағаздар, Әліппе, хат қалта, пошта жәшігі, интерактивті тақта, слайд шоу, бейне көріністер, қызыл, көк текшелер, ұнтаспа, табиғат көрінісі, сурет, үй жабдықтарының ойыншық түрлері. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.</p>	<p>дене мүшесі". Артикуляциялық гимнастика: "Айтқанға көнбеген тілді жазалау", "Тәтті тосап", "Өткеншек", "Тілдің ұшымен тарсылдау", "Кеме". Мақал-мәтелдер айту: Денсаулық – зор байлық. Дені саудың- жаны сау. Мнема техника әдісі арқылы жолдарын жаттату. Өткен тақырыптар бойынша викторина. "Сағат" сөзіне дыбыстық талдау жасау. "Тәтті сөздер" дидактикалық ойыны. "Қар үйіндісі" ойыны. Жұмбақтар сайысы. "Сөздер тізбегі" ойыны (айтылған дыбысқа сөз табу, тізбектен</p>		
--	---	--	--	---	---	--	--

						түсіп қалмау). Тіл ұстарту жаттығулары. Дыбыстық жаттығулар. Есте сақтау жаттығуы: балалар өздігінен ереже айтады.		
49	"Құстар - көктемнің жаршысы".	Балалардың көктемгі табиғат құбылыстары туралы білімдері мен түсініктерін жетілдіру; 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі жайлы түсініктерін кеңейту; ауызша құттықтау ерекшеліктерімен таныстыру; балаларды көктемгі табиғат құбылыстары тақырыбындағы сөздік жұмыстары, сөйлемдер мен сөздердің үлгілері негізінде қазақ тілінде көктем туралы әңгіме құрауға үйрету; көктемдегі табиғаттың жеке құбылыстарын, жалпы бейнесін байқауға, "көктемгі табиғат құбылыстары" сөз тіркесі арқылы қорытындылауға үйрету; анасы үшін құттықтау жаттауды үйрету; ойлауды,	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Балалардың "көктем келді", "күн жарқырайды", "қараторғай", "көктем құбылыстары", "қар ериді", "мұздар тамшылайды", "жер бетіндегі көлшіктер", "бұлақ ағады", "ағаштар бүршік атады", "құстар ән салады" (қараторғай) сөздер мен сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын молайту.	"Көктем" тақырыбын ашатын әуеннің дыбыстық жазбасы. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Демонстрациялық сурет "Көктем келді". Көктем, жұлдыздар туралы жаттығулар мен өлеңдердегі ырғақтарға сәйкес келетін әртүрлі әуендердің аудио жазбалары. Сөздік жұмысына арналған суреттер.	"Кел, амандасайық" жаттығуы. "Көктем келді" суретін көрсету. Ө. Тұрманжановтың "Көктем келді гүл алып" өлеңін мәнерлеп оқу. Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. "Көктемдегі табиғат құбылыстары". Артикуляциялық- ырғақты жаттығу. "Үнемі бізбен бірге". Сөздік жұмыстың суреттері негізінде "Біз аулаға көктемді шақырдық" әңгімесін	1	22.02.2023

		жағымды эмоциялар көрсете білуді дамыту; мұқияттылыққа, сұлулыққа, анаға, туыстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.			Демонстрациялық сурет: ауладағы балалар көктемгі табиғат құбылыстарын бақылайды. Демонстрациялық сурет - құс ұясы және бұтақта отырған қараторғайлар. Портрет - құшағы гүлге толы ананың суреті."	модельдеуге арналған ауызша жаттығу. "Қараторғай эн салады" өлеңін мәнерлеп оқу. "Қараторғай эн салады" өлеңін әуен ырғағына сүйене отырып мәнерлеп оқуға арналған ауызша-ырғақты жаттығу. Құттықтауды модельдеуге арналған ауызша жаттығу. "Анамды құттықтаймын".		
50	"Р дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".	Р дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу таңбасын үйрету. Р дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын,	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Көктем мезгілі", "ұя", "ертегі ханшайымы", "радио", "ара" сөздерін пайдалану; жаңылтпаштар арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Р дыбысының профилі, бейнелі суреттер, айна, үлестірмелі материалдар т.б. «Р» дыбысының артикуляциясы, артикуляциялық жаттығулар, түрлі суреттер, тапсырмалар, әріптердің кесіндісі, айна,	Артикуляциялық жаттығулар. «Кімнің тісі таза?», «Дәмді тосап», «Кесе», «Сағат тілі», «Тіс тазалау», «Саңырауқ ұлақ», «Тәтті тосап», «Сылақшы», «Ашуланған мысық», «Тарақ», «Піл», «Бақа». Жұмбақтар.	1	27.02.2023

		фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстардың пайдасына тоқталу.			түрлі-түсті қағаздар, әліппе дәптер т.б. «Құстар біздің досымыз» атты бұрыш, құстар туралы буклеттер, альбом, плакаттар, құстардың дыбысы жазылған таспа, табиғат туралы сызба. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	«Р дыбысын ұстап ал» ойын. Ойын: «Не артық?». Р әрпі бар сөздерді айтқанда қол шапалақтау дидактикалық ойыны. Жаңылтпаштар. Тіл ұстарту жаттығулары.		
51	""Бәйшешек" өлеңін мәнерлеп оқу".	Балалардың көктемгі табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; бәйшешектің пайда болу ерекшеліктерімен таныстыру; балаларды "Бәйшешек" өлеңімен таныстыру; қыста және көктемдегі маусымдық өзгерістер туралы, табиғаттағы қатынастар туралы, еріген судың өсімдіктер, жануарлар мен адам өміріндегі маңызы туралы идеяларын дамыту; балаларды өлеңді мұқият	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "алғашқы гүл", "бәйшешек", "қар қабығы", "жарма", "сабақ" сөздерін енгізу, "наурыз күні", "еріген мұз" сөз тіркестері және "Көктемгі жауын көп болса, көкпек шөбі мол болар" мақалы арқылы сөздік қорларын	Тамшы дыбыстары бар аудио жазба. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. "Бәйшешек" өлеңінің мәтіні негізіндегі сөздік жұмысқа арналған суреттер. Бәйшешек туралы өлеңнің	"Амандасу" жаттығу. "Көктем келді" суретін көрсету. Суреттер арқылы "Бәйшешек гүлі" өлеңінің мәтіні негізіндегі сөздік жұмыс. "Бәйшешек" өлеңін мәнерлеп оқу. Мнемотаблица негізінде өлеңнің мазмұнын баяндауға арналған ауызша	1	01.03.2023

